

ОӨЖ 82

МӘТІНДІ ПРОБЛЕМАЛЫҚ ТАЛДАУДА ПІКІРСАЙЫСТЫҢ АПФ МЕХАНИЗМІН ҚОЛДАНУ

Төлеу М.С.

магистрант, SDU University, Қаскелең қ., Қазақстан
mudezhantoleu@gmail.com

Қазақ әдебиеті сабағында шығарманы талдау оны оқумен қатар жүретін процесс. Шығармаларды талдауда оның тақырып, мазмұн жағынан көтерген мәселелерін танудың қолданбалы білім беру жүйесінің мақсат-міндеттеріне жетудегі рөлі зор. Көркем мәтінді проблемалық талдау тәсілі де осы критерийге жұмыс жасайды. Проблемалық талдауды сабақта жүзеге асыру жолдары ретінде: проблемалық жағдаят, проблемалық сұрақпен жұмыс жасауды көрсетіп жүрміз. Мақалада талдаудың осы тәсілімен қоса Американдық парламенттік форматтың саяси қарарына механизм құру жолы айтылады.


Кілт сөздер: проблемалық оқыту, мәтін талдау, проблемалық талдау, жағдаят, проблемалық сұрақ, пікірсайыс, АПФ, деффениция, өзектілік, нәтиже.

Орта мектепте қазақ әдебиеті пәнін оқытудың басты мақсаты көркем шығарманы оқыту, талдау, оқырмандық құзіреттілігін қалыптастырумен тікелей байланысты. Көркем шығарманы оқытып, оқырмандық құзіреттілік қалыптастыру талдау жұмыстарынсыз жүзеге аспайды. Қазіргі таңда жанартылған білім беру жүйесінің негізінде: тақырыптық, образдық, проблемалық, тұтас немесе автор ізімен талдау түрлері қолданылып жүр. Бұл талдау түрлерінің ішінде практикалық тұрғыда маңызы бар, оқушылардың бойында мәселені тани алу, оны шешу жолдарын табуға дағдыландыратын талдау түрі – проблемалық талдау. Бітбаева «проблемалық талдау оқушылардың танымын арттыру, ойлау белсенділігін жетілдіруде үлкен рөл атқаратын» талдау түрі ретінде көрсетеді. [1, 67] Оны жүзеге асыру үшін оқу, түсіну кезеңдерінің толық меңгерілуі шарт. Маранцман проблемалық талдаудың тиімді тұсы ретінде өзіндік жұмыстың: оқу, мәнерлеп оқу, ойша, қағаз бетіне сурет салу, киносценарий жасау және т.б. түрлері репродуктивті іс-әрекет түріне жататынын, оның білім, ақпарат жинақтауда көмектескенмен қолданбалы білім бере алмайтынын айтады. [2, 54] Проблемалық талдау түрінің бұл артықшылықтарына жету жолы проблемалық сұрақты дұрыс қоя білу қабілетімен байланысты, одан өзге әдіс-тәсіл түрлері айтылмай жүр.

Зерттеудің әдіс-тәсілдері: мақалада зерттеудің сипаттау, талдау әдістері қолданылды.

Нәтижелерді талдау мен талқылау

Қазіргі таңда проблемалық оқытудың артықшылығы ретінде субъектінің өзінде бар ізденіс құралдары (білім, икемділік, іздену тәжірибесі және т.б.) арқылы проблеманы шеше алу дағдысын қалыптастырудағы маңызын айтып жүрміз. Проблемалық талдау осы дағдыларды қалыптастыруға негіз болатын талдау түрінің бірі деп алсақ, оны қалай жүзеге асырамыз деген заңды сұрақ шығады. Әдіскерлер проблемалық талдауды келесі үлгідей жасауды ұсынып жүр:



Ескере кететіні кез келген оқиға – жағдаят, кез келген «неге?» деп басталатын сұрақ проблемалық сұрақ бола алмайды». [1, 68] Проблемалық жағдаятты талдай алу үшін, проблемалық сұраққа жауап дұрыс жауап алу үшін мұғалімнің жетекшілігі керек. Бұл жоғарыда айтқан репродуктивті іс-әрекетке жатады, ал проблемалық талдау оқушының проблеманы сыртқы күштерсіз шешуіне дағдыландыратын талдау түрі. Сол себепті, проблемалық талдауға проблемалық сұрақ арқылы келудің орнына арнайы, дайын механизммен жұмыс жасауды ұсынамыз.

Мәтінді проблемалық оқытуда талдау жұмыстарын пікірсайыс ойындарында қолданылып жүрген Американдық парламент форматының (бұдан былай: АПФ) саяси қарарды ашуға арналған механизммен жүргізіп көрейік. Бұл формат берілген тақырыптың өзектілігін ашуға, шығарманың жазылған уақытындағы тарихи оқиғаларға баға беруге, басты проблеманы және оның шығу себептерін табуға көмектеседі. Проблема анықталып қана қоймай, оны шешу жолы, нәтижесі көрсетіліп толыққанды талдау жұмысы жасалады. Оқушы автор ізімен немесе оқырман ретінде проблема, проблеманың шешу жолын көрсетеді. Бұл өз кезегінде оқушының жағдаятты басынан соңына дейін толық зерттеп, мәселені шешудің ең оптималды вариантын табуға дағдыландырады.

Форматтың классикалық нұсқасы мынадай механизммен тұрады:

- *Тақырыбы:*
- *Дефиниция (кілт сөздер):*
- *Қалыптасқан жағдай:*
- *Проблема:*

- *Проблеманың өзектілігі:*
- *Проблеманың шығу себептері (бірнеше болуы мүмкін):*
- *Проблеманы шешу жолы (жолдары): Кім? Қашан? Қалай?*
- *Нәтиже:*

Бұл механизмнің алғашқы: «тақырып», «деффиниция беру», «қалыптасқан жағдай» кезеңдерін мұғалім оқушылармен бірлесе отырып жұмыс жасаса болады, ал келесі кезеңдерінде:

– автордың көтеріп отырған мәселесі сол заман тұрғысынан қарағанда өзекті ме?;

– шығарманың көтеріп отырған басты проблемасы қандай?

– проблеманың шығу себептері не?, т.б. сұрақтарға жауап береді.

Талдап отырған мәтіннің көлемі, мазмұнына байланысты механизмнің кейбір элементтерін алып тастауға немесе жаңа пункттер қосуға болады.

АПФ механизмі арқылы **А.Байтұрсынұлының «Анама хат» өлеңіне** проблемалық талдау жүргізіп көрсек (1-кесте):

1-кесте

Тақырыбы	<i>Анама хат</i>
Деффиниция (кілт сөздер)	<i>Семей абақтысы, үкімет, Лаухул-Махфуз – адам тағдыры жазылатын тақта, кітап, кермесіне – кедергі мағынасында;</i>
Қалыптасқан жағдай	<i>өлең А.Байтұрсынұлының «Патша үкіметіне қарсылық білдіргені үшін» деген айыптаумен Семей түрмесінде отырғанында жазылған. Кейін «Маса» жинағына енген.</i>
Проблема	<i>қазақ оқығандарының жаппай қамауға түсуі, олардың елді білім, ғылымға шақыру ісіне кедергі жасау, сол арқылы бодан елге үстемдігін арттыра түсу мәселесі сол кездегі өзекті проблемалардың бірі;</i>
Проблеманың өзектілігі	<i>«Талай жорға, талай тұлпардың» үкіметтің жарлығымен түрмеге түсуі, өз еліне азартушылық жолында еңбек ете алмауы;</i>
Проблеманың шығу себебі	<i>қазақ елінің патша үкіметінің қол астында болуы;</i>
Проблеманы шешу жолы	<i>елді, жерді өзге елдің бодандығынан азат ету, ғылым, білімге үйрету;</i>
Нәтиже	<i>елдің азаттығы, жаппай сауаттану.</i>

Бұл механизм көтеретін проблемасы бар шығармаларды толық талдауға, проблеманы анықтап қана қоймай, онымен ары қарай жұмыс жасап, шешу жолдарын табуға көмектеседі.

Қорытынды

Мәтінді проблемалық талдауда АПФ-тың механизмін қолдануды сабақта дебат әдісін қолданумен шатастырмау керек. Дебат әдісі мәселеге жан-жақты қарауға дағдыландырса, АПФ-тың саяси қарарға арналған механизмі мәселенің шығу себебін анықтап, оның шешу жолының ең оптималды нұсқасын табуға дағдыландырады. Әдістің қолданбалық күшін осы нәтижеге жетуге дағдыландыруынан аңғарамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бітбаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: «Рауан» баспасы, 1977 ж.
2. Маранцман В.Г., Чирковская Т.В. Проблемное изучение литературного произведения в школе, Москва, 1977 г.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МЕХАНИЗМА АПФ ДЕБАТОВ В ПРОБЛЕМНОМ АНАЛИЗЕ ТЕКСТА

Төлеу М.С.

Анализ произведения в рамках уроков казахской литературы представляет собой процесс, сопровождающий его изучение. В анализе произведений важную роль играет достижение целей и задач прикладного образования, а также осознание проблем, затронутых в произведении по его тематике и содержанию. Проблемный анализ художественного текста также акцентирует внимание на данном критерии. В статье рассматриваются методы реализации проблемного анализа на уроке, такие как работа с проблемными ситуациями и вопросами. Помимо этого, обсуждается создание механизма для политической резолюции в американском парламентском формате.

Ключевые слова: проблемное обучение, анализ текста, проблемный анализ, ситуация, проблемный вопрос, дебаты, АПФ, дефиниция, актуальность, результат.

USING THE APF DEBATE MECHANISM IN PROBLEM ANALYSIS OF THE TEXT

Toleu M.S.

Analysis of a work within the framework of Kazakh literature lessons is a process that accompanies its study. In the analysis of works of art plays an important role in achieving the goals and objectives of applied education, as well as awareness of the problems raised in the work on its themes and content. Problem analysis of a fiction text also emphasizes this criterion. The article discusses methods of implementing problem analysis in the classroom, such as working with problem situations and questions. In addition, the creation of a mechanism for political resolution in the American parliamentary format is discussed.

Keywords: problem-based learning, text analysis, problem analysis, situation, problem question, debate, APF, defenestration, relevance, outcome.

REFERENCES

1. Tokhtbaeva K. Methodology of teaching literature. - Almaty: Rauan Publishing House, 1977.
2. Marantsman V.G., Chirkovskaya T.V. Problem study of literary work at school, Moscow, 1977.